

exploratory teaching of the Kazakh language and social requirements, analyzes new directions of the educational process.

Key words: research activity, research ability, research direction, project method, research, applied and practical.

Received: 20.06.2023

MFTAP 14-25/-09

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss2pp85-93](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss2pp85-93)

Н.К. Смагулова¹, Ж.Т. Бектасова²

¹ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0002-8822-5807> E-mail: smaghulova13@mail.ru

²ф.ғ.к., доцент, Қазақ Ұлттық өнер университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0009-0008-0309-6534> E-mail: bzhomazhan@mail.ru

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚЫРМАНДЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мақалада мектеп оқушыларының оқырмандық құзіреттілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылды. Мектеп оқушыларының кітап оқу іс-әрекетін дамыту - Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі болып табылатындығы атап өтілді. Кітап оқу - білім мен рухани құндылықтарды беру мен меңгерудің бір формасы ретінде бүгінгі білім кеңістігінде айрықша мәнге ие екендігі тұжырымдалды. Сонымен қатар жеке тұлғаның қоғамда табысты болуына және бәсекеге қабілеттілігінің жалпы деңгейіне әсер ететін мәселе екендігі көтерілді. Мақала негізінде мектеп мұғалімдеріне оқушылардың оқырмандық іс-әрекетін дамытудағы қазақ әдебиеті сабағының орны, тиімді әдіс-тәсілдері жүйеленіп ұсынылды. Мұғалімге оқушыларды дербес жұмыс істеуге ынталандыру іс-әрекеттері түрлерін ойлау мен мектеп оқушыларының жекелеген ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескеру маңызды екені туралы ой тұжырымдалды. Бұл әр оқушының әдеби оқылымдар бойынша сабақтан тыс жұмыстарға қатысуына қызығушылығын арттыруға ықпал ететіндігі қарастырылды. Оқудың бірнеше түрлері ұсынылып, әрқайсысының өзіндік сипаты берілді.

Кілт сөздер: оқырман, құзіреттілік, оқу түрлері, іс-әрекет, функционалдық, мәтін.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Бүгінгі білім беру жүйесіндегі басым бағыттардың бірі – мектеп оқушыларының кітап оқу дағдысын дамыту болып табылады. Себебі бүгінгі мектеп оқушысының қоғамда табысты, білім кеңістігі мен еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуы да осы мәселеге қатысты болып табылады. Қазіргі қоғамдағы рухани жадаулықтың қатыгездікке ұласып жатқаны ащы шындық. Осы орайда тұлғаның бойына рухани құндылықтарды қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі – мектеп жасынан бастап баланы кітап оқуға дағдыландыру. Сондықтан да ғасырлар тоғысындағы ақпараттық технология қарыштап дамыған тұста рухани құндылықтарды оқушылардың бойына сіңірудің ең тиімді жолы оқырмандық құзіреттілікті қалыптастыру болып табылады. Мектепте қазақ әдебиеті пәнін оқыту барысында оқырмандық мәдениет қалыптастыру мәселесі басты міндеттердің бірі.

КІРІСПЕ

Кітап оқу мәдениеті – адамзат баласын парасат пен пайым әлеміне, мәдениет пен кемелділікке алып баратын киелі жол болып табылады. Себебі елінің ертеңін ойлаған ұлт ұрпақ тәрбиесінің бастауына халық ауыз әдебиеті мұраларын тектен текке қоймаған. Жазу білмеген халықтың өзі ауызша рухани құндылығын ұрпағына жеткізе білген. Кейін қағаз бетіне түсіріп, ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп қалдырып отырған. Бұның бәрі ұлт алдындағы ұлы мұратты іске асыру үшін қолданылғаны аян.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі жастардың кітап оқу арқылы білім мен ғылымға, қоршаған әлемге деген қызығушылықтары ең алдымен мектеп кезеңінен бастау алуы қажет екендігін тілге тиек еткен болатын [1]. Аталған тапсырманы орындау мақсатында еліміздің барлық білім беру мекемелерінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы енгізілген болатын. «Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаты – кітаптың адам өмірінде алатын маңызы мен өзектілігін түсіндіру, мектеп оқушыларының кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастырып, ынталарын дамыту, оларды әдеби кітаптарды оқуға бағыттау арқылы көпшілік алдында өздерінің ойларын еркін әрі нақты жеткізуге, сондай-ақ ана тілі байлықтарын арттыруға ықпал ету [2].

Кітап – тәрбиенің көзі болып саналады. Себебі оның адам баласының адами қасиетін байытып, рухани жан –дүниесіне нәр беріп жақсылыққа жетелейтін асыл қазына екені анық. Ұлттық тәрбиенің уызы ауыз әдебиеті бүгінгі ұрпаққа жазу-сызу арқылы жетті. Ал ғасырлар тоғысындағы ақпараттық төңкеріс жағдайында оқырман болу - бұл кемелдік және парасаттылық. Кітап оқу үрдісі ғаламда болып жатқан әртүрлі өзгерістер мен құбылыстарға, дәлірек айтсақ бүгінгі ақпараттық технологиялардың жаңалықтарымен тікелей байланысты болып отыр.

Бүгінгі қоғамдағы мектеп оқушысы үшін тек қана оқулық ақпарат көзі болып саналмайды. Мектеп оқушысының сұранысына ғаламтор, интерактивті тақталар, ақпараттық электронды кітаптар, онлайн-кітапханалар сәйкес келеді. Күн өткен сайын бұл үрдіс өз жалғасын таба береді. Электрондық кітап баспадан шыққан кітаптың орнын баса алмайды. Сондықтан да мектеп оқушыларын сауатты, мәдениетті оқырман ретінде қалыптастыру мектептегі қазақ әдебиеті мұғалімінің ғана емес ата-ананың да міндеті болып табылады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Ғылыми зерттеудің негізгі нысаны ретінде ғылыми-әдістемелік еңбектер алынды. Оқушылардың оқыrmандық күзiреттiлiктерiн қалыптастыруды зерттеу барысында жүйелеу, саралау, салыстыру, талдау әдiстерi, ал оқыrmандық күзiреттiлiктi қалыптастырудың тиiмдi жолдарын қарастыруда қазақ әдебиетi пәнiн оқыту әдiстерi, сыныптан тыс оқу сабақтарын ұйымдастырудың оңтайлы әдiс-тәсiлдерi, жұмыс түрлерi, мәселенi шешу жолдарын көрсету мақсатында қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Оқушылардың оқыrmандық күзiреттiлiгiн қалыптастыру-күрделi мәселе. Баланың оқыrmандардық қызығушылығының оянуы отбасындағы кітап қорына, ата-аналарға, оқыrmанның жасына және оның даму деңгейiне, оқу аясындағы кітаптарға, құрдастары мен жолдастарына байланысты. Бірақ осының бәрiне қарамастан, жетекшi орын пән мұғалiм мен әдебиет сабағына берiледi. Оқу қызығушылықтарын қалыптастырудың маңызды факторы сыныптан тыс жұмыс болып табылады, ол үлкен дамытушылық, тәрбиелiк мәнге ие.

Кітап оқу әрекетiн үйрету - бұл оқыrmанның кітап оқуды дәйектi, қызықты, тұрақты және өз бетiнше оқып шығуға үйретудi бiлдiредi. Баланың кітап оқу iс-әрекетiн ұйымдастыру оның шығармашылық қиялы мен оның құштарлығына сүйенудi қажет ететiнiн ескеру керек [3]. Тек оқуды үйрету жеткiлiксiз. Баланы ойлауға, оқылған нәрселер туралы ойлануға, жанашырлық танытуға, кейiпкерлердiң оқиғалары мен әрекеттерiн яғни сабақта

немесе мұғалімнің тапсырмасы бойынша ғана емес, сонымен бірге кейін өздігінен өз қалауы бойынша талдауға үйрету керек,

Мектеп оқушыларының кітап оқу құзіреттіліктерін қалыптастыруда оқу әрекетін дамытудың әр түрлі формаларын қолдану тиімді болады. Сонымен қатар, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру де маңызды.

Кітап оқу іс-әрекетінің этижесінде оқушылар мынадай білім мен білікті игеруі керек: әдеби-теориялық таным мен категорияны меңгеру; оқулықтың бір бөлігі болып табылатын әдебиетті өздігінен талдауға қабілетті болуы; оқу үрдісінде олардың қол жетімді әдеби-теориялық біліміне негізделген оңтайлы мүмкіндіктерін анықтау; әртүрлі оқу әдебиеттерін, мерзімді басылымдар мен басқа да ақпарат көздерін анықтай алу қабілеті.

Мектеп оқушысының кітап оқу дағдысы бастауыш сыныптан бастап қалыптасуы керек. Себебі оқушының ойы мен тілінің дамуы көркем шығармалар негізінде қалыптасатыны белгілі. Оқырман құзыреттілігі ерте жастан яғни балабақшадан бастап дамуы керек. Содан кейін басты, оның қалыптасу көзі мектеп болуы керек. Бірақ тек мектеп қана болмағаны жөн. Әдебиет мұғалімінің мақсаты оқушыны оқуға баулуға деген ұмтылысын, өз бетінше жұмыс істей алатын дағдыларын қалыптастыруы керек. Осы тұрғыдан келгенде, бастауыш мектеп мұғалімдеріне оқушылардың оқырмандық іс-әрекетін ұйымдастырудың жауапкершілігі жүктеледі.

Алдымен оқушы жүгіртіп оқуға тұрақты жаттығу қажет. Бұдан кейін оқылатын шығарманың көлемі мен санын ұлғайтқан дұрыс. Себебі оқушы жүгіртіп оқуға дағдыланбай тұрып мектепте оқылатын барлық пәндерді меңгеру қиын болады. Осылайша оқушының көркем әдеби шығарманың мәтінін меңгеріп, одан қажетті ақпаратты алу мүмкіндігі дамытылады. Бұдан кейін құндылық бағдарларын дамытудағы оқушының іс-әрекеті, атап айтсақ, туындыны танымдық-коммуникативті қабылдау, эмоциялық толғану, оқылған шығарма бойынша оқырманның пікірін білдіру қалыптастырылады. Ең соңында оқушы кітап оқу мәдениетіне машықтанып, өз бетінше оқуға дағдыланады. Осы кезеңдер жүйелі түрде ұйымдастырылып, оның тетіктері тиімді іске асырылса, оқушының кітап оқу мәдениеті қалыптасып, сауатты оқырманға айналары хақ.

Мектепте пән мұғалімі мектеп кітапханасымен бірлесе отырып сабақтан тыс кітап оқуды тиімді ұйымдастыру қажет. Сыныптан тыс жұмыстың негізгі міндеттері оқу қызығушылықтарын, серіктестікті, достықты, толеранттылықты, отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру және дамыту, эстетикалық нормаларды, моральдық құндылықтарды қалыптастыру, әдеби оқу сабақтарында да, сыныптан тыс жұмыстарда да алынған әдеби білімді кеңейту және тереңдету екені белгілі. Атап айтатын болсақ, сынып және мектеп деңгейінде оқушыларды кітап оқуға баулитын іс-шаралар ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, мұғалімге оқушыларды дербес жұмыс істеуге ынталандыру іс-әрекеттері түрлерін ұйымдастыру мақсатында бастауыш сынып оқушыларының жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескеру маңызды. Бұл әр оқушының әдеби оқылымдар бойынша сабақтан тыс жұмыстарға қатысуына қызығушылығын арттыруға әсер етеді.

Білім алушылардың өздігінен сұрақтар қоюы және оған жауап іздеуі мәтінді түсінудің негізгі әдістерінің бірі болып табылады. Себебі сұрақ қою барысында оқушы материалды талдап, оны мұқият зерделейді, баты ақпаратты бөліп алып, өзіне түсінікті болып табыла бермейтін жаңа байланыстарға назар аударады, өз білімінің кемшін тұстарын тауып, олардың орнын толтыруға тырысады.

Жұмыста мәтінді түсіну үшін келесі негізгі сұрақтар пайдаланылға болады [4]:

Қарапайым сұрақтар. Жауабы қандай да бір деректер болатын сұрақтар.

Нақтылау сұрақтары. Әдетте олар: «Егер мен дұрыс түсінсем, онда....?». ...

Түсіндіру (түсіндіру) сұрақтары. Әдетте «Неге сіздің есіңізде бұл эпизод қалды?». ...

Шығармашылық сұрақтар. ... «Егер,.....не өзгерер еді?»,

Бағалау сұрақтары. ... «Басты образдың қосалқы образдан қандай айырмашылығы бар?».

Практикалық сұрақтар. «Егер басты образдың орнында сіз болсаңыз қалай әрекет етер едіңіз?».

Кітап оқу іс-әрекеттерінің деңгейінен балалардың болашақта оқуға қабілеттілігінен бүкіл оқу үдерісінің сапасы байланысты болып келеді.

Оқушылардың оқырмандардың қызығушылығын қалыптастыру үшін әдебиет сабақтарында қолдануға болатын көптеген әдістердің ішінде дәстүрлі емес сабақтар тиімді болып табылады. Дәстүрлі емес сабақ мұғалімнің импровизациясы мен қиялына негізделген, педагогикалық шығармашылыққа мүмкіндік береді, мұндай сабақ әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қамтуы мүмкін, яғни бұл ең жоғары нәтижелерге қол жеткізу және оқушылардың зерттелетін пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін жұмыстың жаңа түрлерін қолдану, өткізу болып табылады. Сонымен қатар, бұл сабақтар күнделікті дәстүрлі әдебиет сабақтарына қарағанда оқушылардың назарын аударады және белсенділігін арттырады. Мұндай сабақтарды қолдану оқу және тәрбие үрдісінде педагогиканың негізгі заңын – белсенді оқыту туралы ұстанымды жүзеге асыруға әкеледі. Мұндай сабақтарды үнемі өткізу және оқушылардың жаңа қызықты тапсырмаларды орындауы кітапқа деген сүйіспеншілікті дамытуда табысқа жетуге мүмкіндік береді, сонымен қатар оқырмандардың қызығушылығы мен жоғары шығармашылық ойлауына әкеледі.

Сабақтарда жұмысты ұйымдастырудың әртүрлі әдістерін, тәсілдерін және әртүрлі формаларын еркін біріктіруге болады, оқу үрдісін белсенді ететін жеке дамытушы тетіктерді қосуға болады. Егер әдістер мен тәсілдер тиімді таңдалса және мұғалімнің жұмысында ақпаратты техникалық көрнекіліктер қолданылса, нәтижеге толық қол жеткізіледі. Бұл оқушыларды белсенді және тиімді оқытуға тарту арқылы оқу жұмысын байытады. Сабақ барысында қолданылатын негізгі әдістер мен тәсілдерді қарастырсақ,

– ауызша (автордың өмірбаяны туралы әңгіме; әдеби бағыттардың негізгі сипаттарын түсіндіру; шығарманың сюжеті туралы жетекші сұрақтармен әңгімелесу; пікірталас; дәріс; кітаппен жұмыс; белгілі бір музыканы тыңдау немесе өлең оқу; шығармаларды түсіндірмелі оқу);

– көрнекі (автордың портретін оқушыларға көрсету; шығармашылық кезеңдері бар кесте; жазушыны шабыттандырған адамдардың немесе орындардың фотосуреттері; шығармаға негізделген кинофильмдерді көрсету)

– практикалық (оқушылар сабаққа дайындық кезінде шығарманың жасалу тарихы немесе жазушының өміріндегі қызықты фактілер туралы қызықты материалдарды өз бетінше табады; кейс-тапсырмалар; тестілеу; шығарма оқудан алған жеке әсерлері бойынша шығармашылық тапсырмалар; құбылту мен стилистикалық фигураларды табу бойынша практикалық жұмыстар; оқушылардың тақырыптық тұрғыдан өзіндік сұрақтары; жеке жетістіктер портфолиосын құру; жобалық жұмыс).

Оқушылардың кітапқа деген қызығушылықты арттырудың тағы бір жолы сюжетті немесе шарықтау шегін қысқаша қайталап оқу, ерекше әдеби қаһарманмен танысу, кітап мұқабасы, иллюстрациялары, жазушының тағдырына қатысты қызықты қысқаша әңгіме, кітаптан маңызды, өзекті, қызықты мәселеге аудару немесе шығарманың кейіпкері не кітап туралы әдебиет сыншыларының пікірлерін айту.

Оқу да басқа аспектілер сияқты, оның әралуан түрлері бар және олардың барлығы өзіндік мақсаттарға жетуге бағытталған.

1) *танымдық оқу* – ақпаратты алу, оны түсіну және сақтау, оған қысқаша жауап беру мақсатында оқу болып табылады. Бұл бір нәрсе туралы хабардар болу, мәліметтерді толықтыру және т. б. үшін оқу; бұл газеттерді, брошюраларды, кейбір кітаптарды, хаттарды, мамандығы бойынша жаңа кітаптарды және т. б. оқу.

2) *құндылыққа бағдарланған оқу* - оқылған мазмұнын кейіннен талқылау, бағалау, қайта айту, яғни оқу нәтижелерін сөйлеу әрекетінің басқа түрлерінде пайдалану мақсатында оқу

болып табылады. Бұл оқу дүниетанымды, ойларды, сезімді тереңдету үшін көкжиек пен тәжірибені кеңейтудің маңызды және қажетті құралы болып табылады.

3) *реттеушілік оқу* – мәтінде сипатталғандарға қатысты немесе қатысы жоқ кейінгі пәндік әрекеттермен оқу болып табылады. Бұл жанға моральдық, «әсер ету үшін оқу» - "жігерлендіретін" оқу түрі. Тек жаңа білім алу үшін ғана оқитын емес, кеудеге жаңа күш құйып, көңіл-күйді көтеретін, жігерлендіретін кітаптар болады.

Сонымен қатар оқуды әдістеме ғылымында келесі оқу түрлеріне бөлінеді: зерттеу, таныстыру, шолу, іздеу.

Зерттеу оқу - бұл мәтіннің мазмұнын толық және дәл түсіну және оны одан әрі пайдалану үшін ондағы ақпаратты есте сақтау мақсатында мұқият оқу болып табылады. Мұндай оқу мәтінді толық және сыни тұрғыдан түсінуді қажет ететін мәселелерді шеше білуді талап етеді. Негізгі және артық ақпаратты бөліп көрсету, тақырыптар мен ішкі тақырыптарды ажырату, мәтін идеяларын ұсынудың реттілігін болжау бұл оқу түрінің мақсатына жатады.

Таныстыра оқу - негізгі ақпаратты алуды қамтиды, оқырманның қиялына әсер етіп, соның арқасында мәтіннің мағынасы ішінара толтырылады. Бұл оқуда мәтіннің негізгі идеясын анықтау, мәтіннің жалпы мағынасын білдіретін тезисті тұжырымдау, мәтіндегі бөліктердің ретін түсіндіру, негізгі мәтіндік және мәтіннен тыс компоненттерді салыстыру мүмкіндігі қалыптасады.

Шолу оқу - қамтылған ақпарат туралы жалпы түсінік алуды мақсат ететін оқу түрі ретінде қарастырылады.

Іздеу оқу - мәтінде белгілі бір оқу тапсырмасын орындау үшін маңызды ақпарат элементтерін табу қабілетін игеруді қамтитын оқу түрі болып табылады.

Мектеп оқушыларына оқырман күнделігін жүргізуді үйреткен дұрыс. Себебі бастауыш мектепте сыныптан тыс оқуға арналған әдеби шығармаларға арналған арнайы дәптер. Күнделіктің мақсаты - баланы оқығандарынан қорытынды жасауға үйрету, оған шығарманы жақсы есте сақтауға және түсінуге көмектесу, мектеп оқушысының көркем шығармалар мәтіндерімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, оқырман мәдениетін дамыту. Оқырман күнделігі оқушыларға шығармадан алған әсерлерін сипаттауға, шығарманың мазмұнын, тілін, құрылымын өз бетінше бағалауға көмектеседі. Оқу күнделігімен жұмыс барысында білім алушылар мәтіннің тілдік жағына назар аударып, мәтіннің лингвистикалық, стилистикалық және көркемдік ерекшелігін талдай білуді дамытады. Оқырман күнделігі мектеп оқушысына көркем шығармаларды түсінуге және есте сақтауға көмектеседі, танымдық және шығармашылық белсенділіктің дамуына ықпал етеді. Оқырман күнделіктерінің түрлері:

1. Іштей немесе дауыстап оқылған беттер саны туралы есеп, ата-аналардың баламен бірге оқыған белгілері көрсетілетін күнделік.

2. Оқылған кітаптар туралы есеп көрсетілетін күнделік. Тек кітаптардың атаулары, авторлардың аты-жөндері, оқу күндері ескеріледі, сонымен қатар «шеттердегі жазбалар», яғни кітап туралы қысқаша ескертулер болуы мүмкін.

3. Шығармаларды шағын талдау жазылатын күнделік.

Мұғалімнің алдына қойған мақсатына байланысты, ұстаздың қадағалауымен күнделіктің бірнеше түрін ажыратуға болады:

- баламен бірге оқитын ата-аналардың беттерін, ата-аналарының баланың оқып-үйренуі іштей немесе дауыстап оқуға арналған күнделігі туралы есеп. Мұнда келесі бағандар болуы мүмкін: нөмір, шығарманың атау және автордың аты, оқылған беттер саны, оқу түрі (дауыстап және өздігімен), ата-ананың қолы. Бұл негізінен бастауыш сыныптарда қолданылады.

- оқылған кітаптар туралы күнделік-есеп. Тек кітап атаулары, авторлардың есімдері, оқу күндері есепке алынады. Сондай-ақ, «қағаз беттерінде белгі» болуы мүмкін, яғни кітап туралы қысқаша ескертулер.

- шығармалардың шағын-талдау жүргізілген күнделік.

Оқырман күнделіктерін қалай жүргізуге және жасауға болатыны туралы нақты талаптар жоқ. Дегенмен ұстаздың немесе белгілі бір баланың сипаттамаларын ескере отырып, мұғалім өзі шешеді. Оқырман күнделігіне келесі бөлімдерді қосқан жөн:

Шығарма авторының аты-жөні; Шығарманың атауы; Шығарылған жылы; Баспа; Шығарманың иллюстрацияларының суретшісі; Беттер саны; Қашан оқи бастадым және қашан аяқтадым; Шығарманың жанры (поэма, роман, әңгіме және т. б.); Шығарманың негізгі тақырыбы; Негізгі кейіпкерлер және олардың сипаттамалары; Рефлексия, өзін-өзі тексеру және өзін-өзі бағалау;

Сонымен қатар оқырман күнделіктері бастауыш мектептің 1-4 сынып оқушыларының оқу құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған сыныптан тыс оқу бойынша әр шығармаға қызықты тапсырмаларды қамтуы мүмкін. Оқырман күнделігінің шығармашылық және ойын тапсырмалары оқушылардың жазушының шығармашылығын түсінуге деген ұмтылысын арттырады, сюжетке, шығарманың стиліне, оның композициясына, бейнелеріне назар аударады. Осылайша, оқырман күнделігімен жұмыс білім алушылардың оқу құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Кәдімгі ақпаратпен қатар оқушы күнделікке өзі құрастырған сөзжұмбақ, сканворд, тапсырмаларды құрастырып, түсіре алады, кітап авторына немесе кейіпкерлеріне хат жаза алады және т.б.

Оқыған кітап бойынша пікір – бұл еркін шығарма. Аталған жерде жалпы сызба орынсыз болып табылады. Осы ретте мектепте кездесетін пікір мазмұнына бірізді ұсыныстар беруге болады [5]. Нәтижесінде, қоғамда бәсекеге қабілетті әрі оқырмандық құзіреттіліктері жетілген, кітап оқуға деген құлшыныстары жоғары жас буындар саны арта бастайды. Оқырман құзыреттілігі- көркем мәтіндерді игеру барысында оқушы жұмысты өзі жоспарлай және жүзеге асыра алатын білім, білік және дағды болып табылады. Айта кету керек, жасөспірім оқырманның көркем шығарманы қабылдау процесі - бұл өте күрделі шығармашылық іс-әрекет. Сонымен қатар оқушының мәтінді қаншалықты дұрыс қабылдай алатындығы, оның туынды идеясын түсіне білетіндігі және жазушымен сауатты диалог жүргізе алатындығы негізінде оқырмандық құзіреттілігі танылады.

ТАЛҚЫЛАУ

Бүгінгі білім беру жүйесінде мектептің алдында тұрған ең маңызды міндеттерінің бірі – функционалды сауатты тұлға қалыптастыру. Функционалдық сауаттылық – тұлғаның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу қабілеті, оған тез бейімделу және жұмыс істеу мүмкіндігін қалыптастыру. Функционалдық сауаттылықтың негіздері бастауыш мектепте қалыптасады. Ол әртүрлі сөйлеу қызметінде қарқынды оқыту барысында - жазу және оқу, сөйлеу және тыңдауда көрінеді.

Қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнында оқушылардың оқу және жазу сауаттылығын қалыптастыру өзекті мәселенің бірі екені белгілі. Бұл тек оқу мен жазу академиялық мақсаттарды ғана орындамайтыны анық. Себебі білім беру барысында білім алушы өзінің күнделікті өміріне қатысты функционалдық және кәсіби құзіреттілікті алуы қажет. Жаңартылған білім мазмұнының басты міндеттерінің бірі оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру болып табылады. Бастауыш сынып оқушылары әріпті үйренген соң мәтінді оқуға көшеді. Бұл әдіс сынып жоғарылаған сайын оқушының жас ерекшелігіне байланысты жалғасып отырады. Сондықтан да оқу арқылы баланың тілі, ойы, жазбаша жазу дағдысы қалыптасады. Сабақ үстінде де, сыныптан тыс жұмыстар жүргізу барысында да оқу мен жазу қатар қолданылып отырғаны абзал.

Бүгінгі күні жеткіншектер мен жасөспірім оқушылар арасындағы оқырмандардың қызығушылық деңгейі айтарлықтай төмендеп кетті. Көркем туындыны оқуды білім алушылар мәжбүрлі, қызықты емес үй тапсырмасы ретінде қарастырады. Қазіргі мектептің міндеті-саналы оқуға деген қызығушылықты жандандыру, бұл оқу құзыреттілігінің негіздерінің бірі ғана емес, сонымен қатар оқушының жеке басын қалыптастыру мен

дамытудың маңызды құралы болып табылады. Оқу дағдыларын қалыптастыру жүйесі, әрине, икемді болуы керек және жазушының көркемдік әдісіне бейімделуі керек.

Қазіргі заманғы балалар оқырмандар мен тыңдаушыларға қарағанда әлдеқайда көп нәрсеге қолжетімділікпен ерекшеленеді. Компьютерлік дәуір өмір сүру формасын, көлемін, тасымалдаушыларын, ақпаратты беру және қабылдауды түбегейлі өзгертті. Дегенмен компьютерлендіру өздігінен көптеген ақпараттық және білім беру мәселелерін шешпейді, себебі негізгі кедергі - оқырман мәдениетінің төмен деңгейі, ал оқырмандар мәдениеті ақпараттық мәдениеттің және жалпы мәдениеттің негізі болып табылады.

Сондықтан бүгінгі таңда оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру өте маңызды міндет болып отыр.

Оқушыларды баспа сөзімен таныстыру көбінесе айналасындағы ересектерге байланысты. Мұғалім тарапынан әдебиетті оқу қажеттілігін, дағдыларын және тұрақты әдетін қалыптастыруда тиімді әдістер қажет. Оқу коммуникативтік және этикалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді, әлеуметтенуге көмектеседі, оқушылардың жалпы ой-өрісін кеңейтеді. Оқи отырып, адам кейіпкерлермен бірге көптеген өмірді бастан кешіреді, бұл мектеп оқушыларына өздерін тануға және қандай жолды таңдау керектігін білуге көмектеседі. Сауатты балаларды тәрбиелеу үшін олардың кітапқа деген қызығушылығын ояту керек және оқу тек оқу тәсілі ғана емес, сонымен қатар маңызды екенін көрсету керек.

Оқуға деген қызығушылық - оқырманның кітаптарда жазылған адамгершілік туралы ой-тұжырымдарды меңгерудегі қабілеттілігі. Сонымен қатар, оқырман кітап оқитын ортада көшбасшылық ету үшін ойлау мен эмоциялық белсенділікті көрсетуі керек, оқу құралы ретінде мәтін оқырманға осы тәжірибені сақтауға және таратуға мүмкіндік береді. Әдеби оқудан тыс сыныптан тыс жұмыс оқырманның оқу қызығушылығын қалыптастыруға көмектеседі.

Әдіскер ғалым Т.Қ. Жұмажанова оқырмандық қызығушылықты қалыптастырудың әдістемелік жолдарын көрсете отырып пән мұғалімі, сынып жетекшісі, кітапханашы мен ата-ананың рөлін саралап көрсетеді [6]. Кітаппен жұмыс істеу, оқу әрекеттерін психологиялық тұрғыда қарастырған Ж. Аймауытов: «Оқытуда қызығусыз үлкен нәтижеге жетпейміз», -деп бойдағы ынта-қызығуды туғызып, бала санасын оятуға баса назар аударады [3]. Оқырмандық қызығушылықтың психологиялық негіздерін анықтауда белгілі ғалым-педагог Т.Тәжібаев қызығушылықты «мақсатты, әрекеттік, нәтижелі қызығушылық» [7], -деп үш топқа бөліп қарастырады. Ал, Қ.Жарықбаев: «Қызығу көбінесе баланың бір нәрсеге бейімділігіне қарай көрінеді, ол пәрменді, белсенді болу үшін тікелей әрекетпен айналысуы қажет», -дейді [8].

Мұндай ғылыми-теориялық тұжырымдар оқырмандық қызығушылық мәселесінің қай уақытта болмасын өзекті болғандығын дәйектейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі таңда бала тәрбиесіне, балаларға сапалы білім беру дәрежесіне айрықша назар аударылып отырғаны бәрімізге аян. Мектеп оқушыларын туған халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, көркем әдебиетіміздің туындыларымен сусындатып алсақ қана жасөспірімнің жан дүниесін жадырата аламыз.

Туған әдебиетінің қайнарынан сусындап, ой-өрісі ұшталып, көркемдік әлеміне құштар болып өскен әрбір шәкірт дүниежүзі халықтары әдебиетінің, мәдениетінің арғы-бергі тарихын игеруге, оқып үйрене түсуге ынтызарлықпен ұмтылары анық. Сондықтан мектептің алғашқы басқышы, негізгі тірегі бастауыш сыныптан бастап, жас жеткіншектерді әсемдікке, ойлылыққа, асқақ адамгершілікке тәрбиелеуде көркем шығарманы өз дәрежесінде оқытудың тәрбиелік мәні өлшеусіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Тоқаев Қ-Ж.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Egemen Qazaqstan, 9 қаңтар 2020 жыл.

2 Боранбаева Л. «Жаңартылған білім – жаңа мүмкіндіктер кепілі» // «Мұғалімнің шеберлігі», 2017.

3 Киселева М.А. Развитие устойчивого читательского интереса старшеклассников в условиях личносно ориентированного обучения (Общепедагогический аспект) : Дис. канд. пед. наук : 13.00.01 : Саратов, 2000 190 с.

4 Лазарева В.А. Литературное чтение в современной школе: сборник статей. - / Сост. В.А. Лазарева. М.: Педагогический университет «Первое сентября». – 2005. – С. 40-46.

5 «Мектеп оқушысының кітап оқу іс - әрекеті» әдістемелік ұсынымдамалары – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 161 б.

6 Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. - Алматы: Білім, 2009. – 287

7 Тәжібаев Т. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы ағарту жұмысы мен педагогикалық ойдың дамуы. - Алматы: Қазмембас, 1962.

8 Жарықбаев Қ. Психология. - Алматы: Мектеп, 1982. - 70-78 бб.

REFERENCES

1 Tokayev K. zh. K. Abai and Kazakhstan in the XXI century // Egemen Qazaqstan, January 9, 2020.

2 Boranbayeva L. «Updated education-the key to new opportunities» // "teacher skills", 2017.

3 Kiseleva M. A. development of sustainable rural interests of senior citizens in the conditions of personally oriented education (public pedagogical aspect) : Dis. Kand. PED. Nauk: 13.00.01: Saratov, 2000 190 c.

4 Lazareva V. A. literary reading in the modern school: sbornik statey. - /Sost. "What's The Matter?" М.: Pedagogical University "first September". – 2005. - pp. 40-46.

5 methodological recommendations " reading activities of a schoolchild – - Astana: NBA named after Y. Altynsararin, 2018. – 161 P.

6 Zhumazhanova T. methods of teaching literature. - Almaty: Education, 2009 – - 287

7 Tazhibayev T. the development of educational work and pedagogical thought in Kazakhstan in the second half of the XIX century. - Almaty: Kazmembas, 1962.

8 Zharykbayev K. Psychology. - Almaty: School, 1982. - pp. 70-78.

Материал 19.06.2023 баспаға түсті

Формирование читательской компетентности школьников

Смагулова Н. К.¹, Бектасова Ж. Т.²

¹Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

²Казахский национальный университет искусств, г. Астана, 010000, Республика Казахстан

В статье рассмотрена проблема формирования читательской компетентности школьников. Было отмечено, что развитие читательской деятельности школьников является одной из главных задач, стоящих перед казахстанской системой образования. Было высказано предположение, что чтение как одна из форм передачи и усвоения знаний и духовных ценностей имеет особое значение в современном образовательном пространстве. Также было высказано предположение, что это проблема, которая влияет на успех и общий уровень конкурентоспособности личности в обществе. На основе статьи учителям школ были систематизированы место, эффективные методы и приемы урока казахской литературы в стимулировании читательской деятельности учащихся. Учителю была сформулирована мысль о том, что важно продумывать виды деятельности. Было отмечено, что это способствует повышению интереса каждого ученика к участию во внеурочной деятельности по литературным чтениям. Было предложено несколько видов чтения, и каждому было дано свой характер.

Ключевые слова: читательский, компетентность, виды чтения, деятельность, функциональность, текст.

Материал поступил в редакцию журнала 19.06.2023

Formation of reader competence in schoolchildren

N. K. Smagulova¹, Zh.T. Bektasova²

¹Kokshetau University named after sh.Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

²Kazakh National University of Arts, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

The article considers the problem of the reading competence formation in school-age children. It was noted that the development of the reading activity in schoolchildren is one of the main tasks that Kazakh education system faces. The paper suggests that reading is one of the forms of knowledge and spiritual values transmission and assimilation which is of particular importance in the modern educational space. The problem affects success and the level of competitiveness of an individual in society. Based on the article, school teachers get instructed about the place, effective methods and techniques of the Kazakh literature lessons stimulating the reading activity in students. An idea about the importance to select the types of reading activities is discussed in the paper.

Keywords: reader, competence, types of reading, activity, functionality, text.

Received: 19.06.2023

IRSTI 14.01.45

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss2pp93-104](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss2pp93-104)

A.K. Kurmanova¹, Sh. Kapantaikyzy²

¹phd doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana city, 010000, Republic of Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-0795-7035>. E-mail: k_ainash_k@mail.ru

²doctor of pedagogical sciences, professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana city, 010000, Republic of Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-2896-4322>. E-mail: shkapantaykizi@mail.ru

THE ROLE OF COMMUNICATIVE EXERCISES IN INCREASING THE LEVEL OF PRACTICAL KNOWLEDGE OF THE KAZAKH LANGUAGE

In today's interconnected world, the ability to communicate effectively is essential for people in order to express themselves properly and interact successfully in social, academic, and professional contexts. In this article, the function of communicative exercises is examined as a potent tool for enhancing communication abilities. A summary of the several techniques applied in communicative exercises that encourage good communication is provided. It first emphasizes the significance of developing a welcoming and engaging learning environment that promotes learners' active engagement and collaboration. Students can learn verbal and non-verbal communication skills including active listening, alternation of activities, and interpretation of non-verbal cues by participating in pair or group activities. The article also examines the function of authentic and important tasks in communicative exercises. Students will use their Kazakh language abilities to solve problems and share their viewpoints by imitating real-life situations, which will improve their communicative competency. The article also focuses on how technology can be incorporated into communicative activities and emphasizes the advantages of integrating multimedia materials, online platforms, and virtual communication tools. With the help of these technological developments, students can collaborate remotely, engage in cross-cultural interactions, and